



## ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**2022 жылдың III тоқсанында экономиканың нақты секторындағы  
кәсіпорындарда жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша  
(салалық конъюнктуралық шолу)  
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаменті директорының орынбасары  
Денис Чернявскийдің түсіндірмесі**

*2022 жыл, 21 қараша*

Нақты сектордағы кәсіпорындарда жүргізілген сауалнаманың қорытындысы өңдеуші өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында **дайын өнімге сұраныс жақсарғанын** және көлік саласында нашарлағанын көрсетті. Сауда мен құрылыста сұраныс көрсеткіштері теріс аймақта тұр. 2022 жылдың IV тоқсанында сұранысқа қатысты жағдай біршама нашарлайды деп күтіледі.

Тау-кен өнеркәсібінен басқа барлық салада **шикізат пен материал бағасының өсу қарқыны төмендеді**. Дайын өнімнің бағасы да өсу тұрғысынан баяулады. 2022 жылдың IV тоқсанында шикізат, материалдар мен дайын өнімнің бағасы өсу жағынан баяулайды деп күтіледі.

Өндірістік қуаттың жүктемесі барлық салада артты. Құрылыстағы бағаның өсу қарқыны әлдеқайда жоғары болғаны байқалды. Өндірістік қуат жүктемесінің жоғары деңгейі тау-кен өнеркәсібінде сақталып отыр.

Мониторингке сәйкес, **кәсіпорындардың 35,6%-ы үшін Қазақстан экономикасының жай-күйі бизнес жүргізуге кедергі**. Экономиканың хал-ахуалынан басқа нарықтық бәсекелестік (28,7%), салық ауыртпалығының деңгейі мен сұраныс (23,4%-дан), білікті кадрлардың жетіспеуі (22,3%), дебиторлық берешекті қайтарудың күрделілігі (13,4%) сияқты факторлар да маңызды саналады, бұл ретте **маңыздылығы жағынан қаржыландыруға қатысты қолжетімділік 8-орында (12,7%) тұр**.

Сату рентабельділігінің артуы – тау-кен өндіру саласында, төмендеуі – ауыл шаруашылығында, құрылыста және көлік пен қойма саласында байқалды. Саудада рентабельділік көрсеткіші бұрынғы қалпында сақталды (**21,3%**).

Сауалнамаға барлығы 2,6 мыңнан астам өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, ауыл шаруашылығы, көлік және қойма кәсіпорындары қатысты.

**Толығырақ:** <https://nationalbank.kz/kz/page/rezultaty-oprosov-predpriyatiy-v-razreze-otrasley>

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)